«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

N08-9/1643
15.06.2021 жыл

«Атырау қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» ММ-нің басшысы Н.Т.Хабиеваға

Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(Әрі қарай –Департамент)* «4 власть» Атырау журналистер одағы» ҚБ-нің «Атырау қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» мемлекеттік мекемесімен *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* өткізілген №5776953-1 «Атырау қаласының әлеуметтік қолдауға мұқтаж отбасыларының әлеуметтік картасы» әлеуметтік тапсырыспен сатып алуына қатысты жазылған шағымы бойынша бақылау жүргізіліп, төмендегідей бұзушылықтар анықталды:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген" Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Ереженің *(әрі қарай - Қағида)* 227 тармағында *«ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күннен кешіктірмей, бірақ әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін ұсынудың соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін веб-порталда орналастырады»* деп аталған.

Осы ретте, Ұйымдастырушымен мемлекеттік сатып алу веб порталында орналастырылған техникалық ерекшелікке сәйкес сатып алудың мәні - *«Атырау қаласының әлеуметтік қолдауға мұқтаж отбасыларының әлеуеметтік картасы» тақырыбы бойынша 2021 жылы Атырау қаласы және ауылдық округтердегі осал топтарға жататын отбасыларың мұқтаждығы мен қажеттілігін анықтауды жүзеге асыру»* болып табылады.

Бұдан әрі, Қағиданың 233 тармағында *«Ұйымдастырушы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік*

сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді: 1) әлеуетті өнім берушімен ұсынылған жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіндегі талаптарына сәйкестігі; 2) әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының Тапсырыс беруші сатып алатын көрсетілетін қызметтерге сәйкестігі (құрылтай құжаттарына сәйкес); 3) егжей-тегжейлі Іс-шаралар жоспарының Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізілетін орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)); 4) әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтері; 5) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы; 6) жоба белгілі бір аумақта (астана, республикалық маңызы бар қала, облыс, аудан, қала) іске асырылған жағдайда - үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі; 7) әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі; 8) жобаны іске асыру тиімді қорытындысын бағалау индикаторларының бар болуы.

Осы тармақтың 1) - 8) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллды есептеу конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес есептеледі» делінген.

Сонымен қатар, конкурстық құжаттаманың 12 қосымшасының 3 тармағында *«Тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізуі бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары жоқ не конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде көзделген барлық талаптарды қамтымайды (сәйкес келмеген жағдайда әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді) – 0 бал», «Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде көзделген барлық талаптарды қамтиды – 3 бал»* және *«Тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізуі бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары техникалық ерекшеліктің барлық талаптарын қамтиды және қызмет көрсету сапасын жақсартатын қосымша іс-шараларды көздейді, әрбір жоба тапсырмасында іс-шараның атауын және түрін, мерзімін және өткізу орнын сипаттайды – 6 бал»* есептеледі делінген.

Сондай-ақ, конкурстық құжаттаманың 12 қосымшасының 8 тармағында *«техникалық ерекшелікте индикаторлар жоқ – 0 бал», «Сандық немесе сапалық индикаторлардың болуы – 2 бал», «Сандық және сапалық индикаторлардың болуы – 4 бал, Барлық деңгейлердегі сандық және сапалық индикаторлардың, оның ішінде салым, процесс, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелер индикаторларының болуы - 6 бал»* есептеледі делінген.

Бақылаумен, «4 власть» Атырау журналистер одағы» ҚҚ-ның конкурстық өтінімі құрамында ұсынылған сатып алынатын қызметтің техникалық ерекшелігін зерделеумен *«егжей-тегжейлі Іс-шаралар жоспарының Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізілетін орны мен уақыты,*

жауапты тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))» өлшемшарты бойынша – 6 бал қолданылуға жататындығы анықталды, яғни Тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізуі бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары техникалық ерекшеліктің барлық талаптарын қамтитындығы және қызмет көрсету сапасын жақсартатын қосымша іс-шараларды көзделгендігі анықталды.

Сондай-ақ, «4 власть» Атырау журналистер одағы» ҚҚ-ның конкурстық өтініміне *«жобаны іске асыру тиімді қорытындысын бағалау индикаторларының бар болуы»* өлшемшарты бойынша – 6 бал бал қолданылуға жататындығы анықталды, яғни барлық деңгейлердегі сандық және сапалық индикаторлардың, оның ішінде салым, процесс, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелер индикаторлары қамтылған.

Осы ретте, конкурстық комиссия тарапынан Қағиданың 233 тармағының талаптары сақталмай, Қағиданың 233 тармағының 3 тармақшасындағы өлшемшарты бойынша – 3 бал *(болу керек 6 бал)* және 8 тармақшасындағы өлшемшарты бойынша – 2 бал *(болу керек 6 бал)* негізсіз төмендетіліп қолданылғандығы анықталды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, анықталған бұзушылықтарды жою және мемлекеттік сатып алу заңнамаларына сәйкестендіру үшін тиісті шаралар қабылдау тапсырылады.

Департамент басшысының орынбасары **Ж.Букаев**

Орын:Ж.Ерболұлы
Тел:87122 319038

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

N08-А-475/464
от 15.06.2021 жыл.

«4 Власть Атырау журналистер одағы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы А.Адиеваға

Мекен-жайы: Атырау қаласы, Құлманов көшесі 113

Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(Әрі қарай –Департамент)* Сіздің 2021 жылғы 28 мамырдағы №105956 *(28.05.2021ж №ЗТ-А-475 санмен тіркелген)* «Атырау қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» мемлекеттік мекемесімен *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* өткізілген №5776953-1 «Атырау қаласының әлеуметтік қолдауға мұқтаж отбасыларының әлеуметтік картасы» әлеуметтік тапсырыспен сатып алуына қатысты жазылған шағымыңыз бойынша төмендегіні хабарлайды:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген" Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Ереженің *(әрі қарай - Қағида)* 227 тармағында *«ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күннен кешіктірмей, бірақ әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін ұсынудың соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін веб-порталда орналастырады»* деп аталған.

Осы ретте, Ұйымдастырушымен мемлекеттік сатып алу веб порталында орналастырылған техникалық ерекшелікке сәйкес сатып алудың мәні - *«Атырау қаласының әлеуметтік қолдауға мұқтаж отбасыларының әлеуеметтік картасы» тақырыбы бойынша 2021 жылы Атырау қаласы және ауылдық округтердегі осал топтарға жататын отбасыларын мұқтаждығы мен қажеттілігін анықтауды жүзеге асыру»* болып табылады.

Бұдан әрі, Қағиданың 233 тармағында *«Ұйымдастырушы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді: 1) әлеуетті өнім берушімен ұсынылған жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіндегі талаптарына*

сәйкестігі; 2) әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының Тапсырыс беруші сатып алатын көрсетілетін қызметтерге сәйкестігі (құрылтай құжаттарына сәйкес); 3) егжей-тегжейлі Іс-шаралар жоспарының Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізілетін орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)); 4) әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтері; 5) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы; 6) жоба белгілі бір аумақта (астана, республикалық маңызы бар қала, облыс, аудан, қала) іске асырылған жағдайда - үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі; 7) әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі; 8) жобаны іске асыру тиімді қорытындысын бағалау индикаторларының бар болуы.

Осы тармақтың 1) - 8) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллды есептеу конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес есептеледі» делінген.

Сонымен қатар, конкурстық құжаттаманың 12 қосымшасының 3 тармағында *«Тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізуі бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары жоқ не конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде көзделген барлық талаптарды қамтымайды (сәйкес келмеген жағдайда әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді) – 0 бал», «Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде көзделген барлық талаптарды қамтиды – 3 бал»* және *«Тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізуі бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары техникалық ерекшеліктің барлық талаптарын қамтиды және қызмет көрсету сапасын жақсартатын қосымша іс-шараларды көздейді, әрбір жоба тапсырмасында іс-шараның атауын және түрін, мерзімін және өткізу орнын сипаттайды – 6 бал»* есептеледі делінген.

Сондай-ақ, конкурстық құжаттаманың 12 қосымшасының 8 тармағында *«техникалық ерекшелікте индикаторлар жоқ – 0 бал», «Сандық немесе сапалық индикаторлардың болуы – 2 бал», «Сандық және сапалық индикаторлардың болуы – 4 бал, Барлық деңгейлердегі сандық және сапалық индикаторлардың, оның ішінде салым, процесс, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелер индикаторларының болуы - 6 бал»* есептеледі делінген.

Бақылаумен, «4 власть» Атырау журналистер одағы» ҚБ-нің конкурстық өтінімі құрамында ұсынылған сатып алынатын қызметтің техникалық ерекшелігін зерделеумен *«егжей-тегжейлі Іс-шаралар жоспарының Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізілетін орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))»* өлшемшарты бойынша – 6 бал қолданылуға жататындығы анықталды, яғни Тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізуі бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары техникалық ерекшеліктің барлық талаптарын қамтитындығы және қызмет

көрсету сапасын жақсартатын қосымша іс-шараларды көзделгендігі анықталды.

Сондай-ақ, «4 власть» Атырау журналистер одағы» ҚБ-нің конкурстық өтініміне *«жобаны іске асыру тиімді қорытындысын бағалау индикаторларының бар болуы»* өлшемшарты бойынша – 6 бал бал қолданылуға жататындығы анықталды, яғни барлық деңгейлердегі сандық және сапалық индикаторлардың, оның ішінде салым, процесс, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелер индикаторлары қамтылған.

Осы ретте, конкурстық комиссия тарапынан Қағиданың 233 тармағының талаптары сақталмай, Қағиданың 233 тармағының 3 тармақшасындағы өлшемшарты бойынша – 3 бал *(болу керек 6 бал)* және 8 тармақшасындағы өлшемшарты бойынша – 2 бал *(болу керек 6 бал)* негізсіз төмендетіліп қолданылғандығы анықталды.

Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221-III Заңының 14 бабының 6 тармағына сәйкес, осы жауапқа қанағаттанбаған жағдайда басқа да жоғары тұрған органдарға шағымдану құқығыңыздың бар екендігін хабарлаймыз.

Сондай-ақ, Заңның 47 бабының 9 тармағына сәйкес дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Департамент басшысының орынбасары **Ж.Букаев**

Орын:Ж.Ерболұлы
Тел:87122 319038